

УДК 341.1/8

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Амангелдиева Ақерке Ринадқызы

amangeldievaakerke02@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Заң факультетінің 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Б.Сейдеш

Халықаралық өзендерге теңіз сағасына құйғанға дейін бірнеше мемлекеттердің аумағын кесіп өтетін және халықаралық келісім бойынша барлық елдердің сауда кеме қатынастары үшін ашық болатын кеме қатынасы жүретін өзендер жатады. Қазіргі таңда осы бір халықаралық өзен немесе су мәселесі тек Орталық Азияда ғана емес, жаһандық деңгейде үлкен талқыға түсіп отырғаны белгілі. Ел экономикасының дамуы алдымен мемлекеттің су ресурстарымен толық деңгейде қамтамасыз етілуімен байланысты десек те болады.

Халықаралық деңгейдегі ең ұзын немесе үлкен өзендерді қарайтын болсақ, планетадағы ең үлкен өзен – Амазонка. Оңтүстік Америка континентінде орналасқан. Перудағы биіктіктен бастау алып, Бразилия, Атлант мұхитына құятын Боливия, Эквадор, Венесуэлла сияқты байланыстары бар.

Орталық Азиядағы ең ірі өзен – Әмудария. Ол Ауғанстан мен Пәкстандағы Гиндукуш тауынан бастау алады. Таудағы мұз және қар суынан түзіліп отырады. Қазақстан Республикасы - Еуразия материгіндегі суға неғұрлым тапшы елдердің бірі. Республиканың

оңтүстік, шығыс және батыс бөліктерін қамтамасыз ететін өзендер, негізінен мемлекетімізден тыс жерлердегі көрші мемлекеттерден бастау алады, соның ішінде Сырдария, Жайық, Ертіс, Іле, Талас, Еділ өзендері екі немесе бірнеше мемлекеттердің аумағы арқылы өтеді. Шекараны кесіп өтетін өзендер, сондай-ақ басқа елдерге де ортақ су айдындары ресурстарын тиімділікпен пайдалану мәселесі бүкіл дүние жүзінде қазір шиеленісіп барады, әрі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туындап, мемлекетаралық қақтығыстардың көбеюіне себеп болуда. Траншекаралық өзендерді пайдалануда су мәселесі төңірегіндегі шиеленіске жол ашылып келе жатқандай және осы мәселе тұрғысында халықтың зардап шегу қаупін ескеру керек. Осы жолда тек экологиялық немесе экономикалық жағдай ғана емес, саяси-қауіпсіздік сипатына да мән берген дұрыс болар еді.

Қазақстандағы аумағы бойынша ең ірі өзен саналатын, батыс бөлігінде орналасқан - Жайық өзені. Екі мың жарым шақырымға созылып жатқан өзен ұзындығы бойынша Еділ мен Дунайдан кейінгі үшінші орынды иеленді. Ресей Федерациясының облыстары және Башқұртстан Республикасы мен Қазақстан шекарасында Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының аумағымен ағып өтеді. Бастауы Ресейдің Орал тауының 600 м. биіктігінен алынған. 2018 жылы экологтар Жайық өзеніндегі су деңгейінің де азайып бара жатқанын айтып дабыл қаққан болатын. 2019 жылы өзен суы өткен жылғы деңгейінен тағы азайған. Жайық өзенінің экологиялық жүйесін сақтау бойынша өңіраралық келісім құру туралы көп жылдан бері айтылып келеді. Ресей мен Қазақстан комиссиясының бірінші отырысы Орынбор қаласында 2018 жылы қарашада өткен болатын. Кездесу барысында өзен арнасы мәселесі талқылануымен қоса, 2019-2020 жылдарға арналған Жайықтың экожүйесін жақсартуға және өзеннің трансшекаралық ластануын тоқтатуға бағытталған шаралар жоспары бекітілген. Бұл жоспарға өзен суының көлемін арттырумен қатар, өзендегі биоалуандылықты зерттеу және қалпына келтіру қарастырылып, бақылау комиссиясы құрылды. Жалпы, Жайыққа келетін судың үлесіне қарасақ Ириклинский су қоймасы маңызды рөл атқарып отыр деп те айта алмаймыз, себебі, су қоймасынан берілетін мөлшер 15 пайыз ғана. Жайыққа құйылатын судың мөлшері, 55 пайыз, Ресейдегі Сакмара өзенінен құяды. Соңғы жылдардағы ең бір өзекті мәселелердің бірі осы Жайық тағдыры. Өзеннің суы негізгі деңгейінен өте көп төмендеді. Жайық арнасының жағдайын жете зерделеу қажет. Арал тағдыры секілді Жайық та апаттың қауіпті аймағында екендігін ұмытпауымыз қажет. Сонымен қатар, Қазақстан аумағынан орын алған, Тянь-Шань жотасынан басталатын халықаралық өзен – Сырдария. Біздің елімізден алатын ұзындығы – 1400 км.

Алматы қаласында 1992 жылы ақпан айында Орталық Азия мемлекеттерімен Сырдария өзенінің су қатынастары мәселесі, жаз мезгілінде тиімді пайдалану, оны қорғау туралы келісімге қол қойылған еді. Ал 1998 жылы наурыз айында айында осы өзеннің су-энергетикалық ресурстарын іске асыру туралы Орталық Азия экономикалық ынтымақтастық ұйымы үкіметаралық келісімге келген болатын. 2017-2018 жылдары келісім ережелері бұзылып, мысалы, Қырғызстан энергетикалық режимде бірнеше текше метрдегі Тоқтағұл су қоймасынан көп мөлшерде су жіберіліп Оңтүстік Қазақстанды су басу қаупі төнген. Сол жылдары шамасында Өзбекстан сумен қамтамасыз ету жағына бет бұрып, трансшекаралық өзендерді пайдалану ережесін негізсіз кейінге қалдырды. Қазақстан осы мәселені реттеу тұрғысында Халықаралық су энергетика консорциумын құру туралы ұсыныс енгізді. Алайда, консорциумға көрші мемлекеттердің аса мән бере қоймағанын атап өткен орынды болар еді, себебі олар тек өз мемлекетінің мүдделерін көздеген болатын.

Қазаққа белгілі географ-саяхатшы Шоқан Уәлихановтың «Іле өлкесінің географиялық очеркі» атты еңбегінде аталып өткен Іле тағдыры да қазір өзекті. Ол еңбекте: «Қазақ даласындағы ең суы мол және өзінің мол сулы қалпымен Балқашқа апарып құяды» деп таң қала жазған. Өзеннің мол екендігін атап айтып, қазіргі күндегі оның жағдайымен салыстыра қарасақ, айтарлықтай кемшілікті байқаймыз. Іленің су деңгейінің азаюы мен бірге Балқаштың да күйі жақсы емес. Қазіргі уақытта, Іле өзеніндегі ауыл шаруашылық жерлердің көбі Қытай аумағында орналасқан. Ауыл шаруашылық жерінің тағы да үлкен аймағы Қапшағай су қоймасында. Ал табиғи эко жүйесі Қазақстан аумағында орналасқан. Суды шектен тыс

пайдалану екі мемлекетте үлкен дау туғызуда. Климат өзгерісіне де байланысты Орталық Азиядағы өзендерде су ағысы азайып келеді. Іленің су ағысы төмендеген уақытта, Балқаш көлі мен Іле дельтасының деңгейін сақтау үшін Қазақстан мен Қытайға суды пайдалану жағдайына қарап, азайтуға тура келеді. Іле өзенінің бассейнінің бойына өсіретін жүгері, күріш, мақта секілді дақылдарды азайту қажет. Суды аз сіңіретін дақылдармен жұмыс істеу мәселесі де біраз олқылықтардың орнын толтырған болар еді.

Дүние жүзіндегі ең ірі алаптарының бірі – Ертіс өзені. 1600 мың шаршы метрді алып жатыр. Көп пайызы Батыс Сібір мен Қазақстан территориясын қамтиды. Бастауы Алтай тауының сілемі Бесбоғда тауынан басталып, Зайсан көліне дейін – Қара Ертіс, төмен қарай Ақ Ертіс немесе Ертіс деп атаған. Шығыс Қазақстан өлкесінің табиғаты бірден көзге түсетіні мәлім. Алайда, осы бір табиғатты сақтап қалу деңгейі төмен екендігін мойындау қажет. Қытайдың Шыңжаң өлкесінің Алтайынан басталатын Ертіс өзеніне тоқталып өтетін болсақ, Қазақстан аумағындағы өзеннің жағдайы да күрделі болып отыр, себебі өзен ластануда. Бұқтырма су қоймасы салынғаннан кейін Зайсан көлі оның бір бөлігіне айналды. Содан кейін Өскемен және Шүлбі су қоймалары бой түзеді. Ертіс жағалауы табиғатының көз тартатын сұлулығы бұзылу алдында, себебі су жіберу науқанының бұзылуы болды. Өскемен – Қазақстанның бай аймағы ретінде, тау-кен өндірісі бойынша өзенге келетін қауіп пен қалдықтар өте көп. 1970 жылдары Семей қаласында орналасқан әскери аэдромның қоймасынан шыққан авиакеросин өзенге ағып судың ластанғанын да атап өтпеуге болмайды. Тек қана өндірістік орындардың әсері ғана емес, халықтың да өзен жағалауына қоқыс тастау арқылы зиян келіп отырғандығы жасырын емес.

Өзен бойында Бұқтырма, Өскемен, Шүлбі бөгендері салынған. Ертіс-Қарағанды каналы да Сарыарқа өңірі үшін пайдаланылды. Ертістің сұлулығы мен биоалуантүрлілігін сақтап қалу – негізгі мақсатымыз болып отыр.

Талас - Қырғызстан тауларынан басталып, Қазақстан аумағындағы құмдарда аяқталатын трансшекаралық өзен. Көршілес екі елдегі өзен бассейнінде тұратын бірнеше миллион адам оған тәуелді. Соңғы жылдары су мөлшерінің азайғаны туралы аз айтылып жүрген жоқ. Қырғызстанның Талас Ала-Тоо мұздықтарынан бастау алатын Қаракөл мен Үш шоқы өзендерінің қосылуынан пайда болады. Жолда Талас өзені көптеген өзендерді қосып алады. Өзеннің сол жағалауында Қырғызстанның Талас облысының әкімшілік орталығы Талас, ал төменгі ағысында Жамбыл облысының әкімшілік орталығы Тараз орналасқан. Талас алқабы солтүстіктен және оңтүстіктен өте биік жоталармен шектеседі, шығыс жағы жабықтау болғанымен, батысқа қарай біршама ашық. Түбінің батыстан шығысқа қарай біртіндеп көтерілуі тән. Тау жоталары Солтүстік пен Батыстың ылғалды ауа массаларына кедергі бола отырып, оларды баурайға көтеруге, су буларының салқындауына және конденсациясына жағдай жасайды. Сондықтан жоталардың Солтүстік және солтүстік-батыс беткейлерінде жауын-шашын көп түседі және мұздықтардың ағып кетуіне қолайлы жағдайлар жасалады.

Қазақстан аумағы жағынан Орталық Азиядағы ең үлкен мемлекет болып табылғанымен су мәселесі өте күрделі болып отырғандығымен әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр. Салыстырмалы сумен қамтамасыз ету бойынша (жылына 1 шаршы км-ге 42 мм ағын қабаты) ол ТМД елдері арасында соңғы орын алады. Қазақстандағы 8 су бассейнінің тек Нұра-Сарасу бассейні трансшекаралық болып табылмайтындығымен жағдай одан сайын күрделене түсуде. Іс жүзінде Қазақстанның барлық ірі өзендері шектес республикалардан бастау алады. Трансшекаралық су ағындарының ластануы өте маңызды мәселе болып отыр және, әдетте, өзеннің төменгі ағысында орналасқан мемлекеттер ең көп зардап шеккен тарап болып табылады. Сырдария мен Әмудария өзендерінің бассейндерінде орналасқан мемлекеттердің бір-біріне су тәуелділігі соншалықты күшті, бұл жай ғана осы мемлекеттерді осы аймақта тұратын барлық халықтар үшін ортақ болып табылатын барлық қалыптасатын суларды бірлесіп басқару қажеттілігіне алып келеді.

Сырдария трансшекаралық өзені бойынша келісімшарттар:

1) Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім

2) Түрікменстанның бірлескен басқару саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану және қорғау (1992 ж.18 ақпан Алматы қ.).

3) Нарын-Сырдария су қоймалары құламасының ресурстары (1998 ж.17 наурыз).

4) Жыл сайын үкіметаралық келісімге қол қойылып, кейіннен Су-энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы хаттамаға (1999 жылдан 2003 жылға дейін) байланысты Нарын-Сырдария су қоймалары құламасының жылдың сулылығы.

2004 жылдан бастап Өзбекстан Республикасы жыл сайынғы хаттамаға қол қоюдан бас тартты.

Шу мен Талас өзендеріндегі суды пайдалану туралы келісімшарттар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қырғыз Республикасының Үкіметі арасында Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстары келісімге қол қойылды. (Астана қ., 2000 жылғы 21 қаңтар). 2002 жылы 16 сәуірде күшіне енді.

2) «Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарының Шу және Талас өзендерінде» шешімге ұсыныс дайындалды. 2009 жылғы сәуір тараптардың үкіметтеріне және хаттамаға комиссияның тең төрағалары қол қойды.

Ертіс пен Іле өзені бойынша келісімшарттар:

1) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық (Астана қ., 2001 жылғы 12 қыркүйек);

2) Алматы облысы Райымбек ауданының өкілдері арасындағы келісім,

Қазақстан және Қытай Іле-Қазақ автономиялық облысының Джау Су уезінің өкілдері қатысты. Қытай Халық Республикасының Сүмбе және Қайшыбұлақ өзендері бойынша (моңғол-Куре қаласы, 2004 жылғы 12 шілде);

3) Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы трансшекаралық өзендердегі дүлей апттар туралы хабарлама

(Астана, 2004 жылғы 4 шілде);

4) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігімен «өзара алмасу туралы шекаралық гидробекеттердің гидрологиялық және гидрохимиясы» туралы (Пекин қ., 2006 жылғы 20 желтоқсан)

Қазіргі жағдайда Қазақстан үшін трансшекаралық су ресурстары проблемасы ерекше маңызға ие. Қазақстанда Ресей, Қытай және Қырғызстанмен шекаралас өзендер көп. Кеңес Одағында бұл елдер арасында сол кезде жалпы су ағындарын ұтымды пайдалану бойынша проблемалар болған емес. Бірақ КСРО ыдырағаннан кейін елдер бұл мәселені шешуге мәжбүр болды және сындарлы диалогтың арқасында олар келісімге келді. Қазақстан үшін су экожүйелерін сақтау және халықты сумен қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Кесте-1

Өзендердің су бассейніндегі негізгі мәселелері

Сырдария	Шу мен Талас
Су ресурстарын пайдаланудың айқын стратегиясының болмауы (мысалы, Өзбекстан) және аймақтық (бассейндік) су проблемаларын елемеу, ағынды бассейнің күйлері.	Су шаруашылығына қызмет көрсететін мемлекетаралық су шаруашылығы жөндеу-құрылыс ұйымы жоқ, мемлекетаралық маңызы бар объектілер.

<p>Өзбекстан Республикасының көпжақты қол қоюды қаламауына байланысты хаттама, екіжақты пайдаға, келісілгенге біртұтас көзқарас жоқ, дамумен бірге Сырдария өзенінің су ресурстарын пайдалану және бассейн мемлекеттері арасында электр энергиясын бөлу. Бассейнде келісілген су сапасы стратегиясының болмауы.</p>	<p>Қырғыз жағы халықаралық суды әлі мойындаған жоқ конвенциялар (Хельсинки 1992 және Нью-Йорк 1997). Шу мен Талас өзендерінде мемлекетаралық бассейндік кеңестер жоқ. Нәтижесінде кешенді көзқарас жоқ, бассейндер үшін жалпы су ресурстарын басқару. Саяси факторлар</p>
---	---

<p>Іле және Ертіс</p> <p>Бірлескен комиссияның жұмысында және оның жұмысында ашықтық жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарына олардың отырыстарына қатысуға тыйым салынады.</p> <p>Су ресурстарын бөлу туралы келісімдер жоқ және трансшекаралық өзендердегі судың тиісті сапасын қамтамасыз ету. Бірлескен тұрақты атқарушы орган комиссия жетіспейді.</p> <p>ҚХР халықаралық конвенцияларға қатысушы емес (Хельсинки, 1992 ж. Нью-Йорк, 1997).</p> <p>Ертіс өзені бойынша үшжақты келісім жоқ, Ресей Федерациясы, Қазақстан және Қытай Халық Республикасы арасында.</p>	<p>Есіл, Тобыл, Жайық</p> <p>Жайық өзенінің экожүйесінің таяздануы және деградациясы және болмауы, оны қалпына келтірудің бірыңғай стратегиясы.</p> <p>Тұрақты сапалық су мәселелер шешілмеген және тарихи көздердің салдарын жою, трансшекаралық су айдындарының ластануы.</p> <p>Ресей тарапы суды күтіп ұстауға қатыспайды, өзендер бойындағы мемлекетаралық маңызы бар құрылымдар - Тобыл, Есіл</p>
---	---

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін елдің трансшекаралық су объектілеріне мыналар қажет:

- Үкімет тарапынан тиісті назар;
- Су ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган;
- Трансшекаралық өзендер бойынша комиссиялардың қазақстандық бөліктерін нығайту
- (Комиссияның тұрақты құрылымын құру) және басқа қадамдар жоғарыда аталған және басқа міндеттерді шешу.
- әр түрлі мемлекеттік органдардың құзыреттерін оңтайландыру және қалыптастыру, сандық бағалау мәселелерімен айналысатын құрылымдар және су ресурстарының сапалық сипаттамалары (жер үсті және жер асты), суды пайдалану және қорғау;
- ғылыми, техникалық және сәйкес құрылымдарды құру экономиканың су секторын дамытуды ақпараттық қолдау;
- білікті инженерлік кадрларды даярлау (қайта қарау) оқу жоспарлары, зерттеу, жобалау, құрылыс және су шаруашылығы профилінің жұмыс істейтін ұйымдары және т.б.

Су қатынастарын реттейтін негізгі заңнамалық акт - Қазақстан Республикасының Су кодексі. Су заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Су қоры мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізуге жататын, Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды. Құрлықтардан айырмашылығы, сулар құрамындағы сулардың алуан түрімен, мөлшерімен, саны мен сапасымен сипатталады. Жер үсті су қоймаларының басым көпшілігінде географиялық атаулар бар. Толығымен құрғақ және

тұтынылған су объектісі су қорында ол ресми түрде шығарылғанға дейін сақталады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте. Су қорына иелік ету, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қорытындылай келе, барлық азаматтар мен ұйымдар үшін қол жетімді су ресурстарын басқару жүйесі болмаса, тиімді басқару мүмкін емес. Ол үшін Ұлттық су ресурстарын басқару орталығын құру және суды үнемдеудің ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Қоғамда суды үнемдеуді ақпараттық насихаттау үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Ақпараттық насихаттың мақсаты - халық арасында су ресурстарына және су объектілеріне деген құрметті қарым-қатынасты қалыптастыру, сонымен қатар тұрғындарды өз өңіріндегі су ресурстарының жағдайы мен сапасы туралы хабардар ету. Суға деген адамзаттың ой-түсінігін, жанашырлығын ояту керек. Адами көзқараспен қамқорлық туғызатындай шараларды қалыптастыруды мақсат етеміз. «Су – тіршіліктің көзі» екенін естен шығармай, оның жойылу қаупінің алдын алуға басты назар салғанымыз жөн. Мәселе жердің осы бөліктеріндегі топырақтан немесе өзендерден тұщы судың жаңаруына қарағанда тезірек алынуында жатыр. Өмірлік маңызды ресурстарды өндіру мен күрделі технологиялық дамуды, инвестиция мен уақытты қажет етеді. Дамыған елдер мұны істей алады, бірақ бұл жерде мәселе туындайды - аз дамыған елдер әлемдегі «алпауыттарға» тәуелділікті одан сайын күшейтеді, ал планетаның халық тығыз қоныстанған көптеген кедей аймақтары толығымен жансыз шөлге айналады. Сондықтан бірінші әлем елдері су ресурстарын қорғау туралы арнайы заңдар әзірлеп, қабылдағаннан кейін тұщы суды ұқыпты, ұтымды және тиімді пайдалану жолына түсіп үлгереді. Сол себепті, су ресурстары мен оның мәселесі ең өзекті болғандықтан осы жағдайға бей-жай қарамағанымыз жөн. Халықаралық өзендердің арнасындағы Қазақстанның табиғи байлығын өзгенің қол астына өткізбей, оны сақтаудың игі шараларын жасауды дұрыс деп білемін. Жаратылыстың адамзат үшін жаратқан суы – бәріне ортақ. Өзгеге суды беруден бас тарту, татырмау әрекетін қате деп санаймын. Суды байда, кедейде, жануар мен өсімдікте қолдануға құқығы бар. Судан қақсытып, тіршілікті тұйыққа тіреу – адамзатқа жасап отырған қиянат. Әлемнің ақыл-ой иесі адамзаттың осы мәселені шешу жолында болуын қолдаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты пайдалану.- А.: Ғалым. 2004ж
2. Садыкова Д.А.Мухамединова Н.Н. ҚР экологиялық проблемалары,-А.: ҚазмемПУ.2010ж.
3. Устойчивые развитие Или-Балхашского бассейна: проблемы и решение. Алматы, 2002г